

М. М.



АСТАНА ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ КІТАПХАНАСЫ

ЕГЕМЕН  
ҚАЗАҚСТАН

ЕЛОРДА



## “Өзі бастады, өзі жалғастыруы тиіс”

*Таяуда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени, танымдық өсіп-өркендеуімізді жан-жақты талдап, тарихи зерделеуге мол орын берген, публицистика мен күнделік жазбаларынан тұратын “Еуразия жүрегінде” атты кітабы жарыққа шыққаны белгілі. Содан бері еліміздің зиялы қауымы, қалың жұрт бұл рухани дүние туралы өздерінің ойларын газет бетінде білдіріп келеді. Біз бүгін Елбасының осы елеулі еңбегі туралы белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВТІ әңгімеге тартқан едік.*

— Мырзаға, ел болып еңсе тіктегелі де 14 жылдың жүзі болып қалыпты. Осы уақыт ішінде мемлекетімізді орнықтырып, танытудағы ерлігіміз төрткүл дүниеге мәлім болып отыр. Мұны кейінгі ұрпақтың танып-білуі үшін қағаз бетіне түсіріп, тасқа басып, кітап етіп шығарып қалдырудың өзі үлкен міндет екені сөзсіз. Осы тұрғыдан келгенде, Елбасының “Еуразия жүрегінде” атты кітабының жөні бөлек деп білеміз. Сіз де бұл кітаппен танысқан шығарсыз.

— Әрине. Мен танысып қана қоймай, Астана төріндегі Ақордада өткен осы еңбектің тұсаукесер рәсіміне қатысқан жайым бар. Кітапты оқып отырғанда оның елге деген шынайы сезіммен, махаббатпен жазылғанына көз жеткіздім. Жан-жағыма қарап, елдің пікірін тыңдап көрсем, жұрт бұл еңбекті жақсы қабылдап отыр. Әсіресе, елдік тұрғыда айтылған әңгімелерге дән риза. Сол тұсаукесер рәсімінде Елбасының өзі де тебірене сөйледі. Өзі іргетасын қалаған Астана туралы ағынан жарылып айтты. Біз толғана отырып тыңдадық. Осындай бір толымды дүние қашан жазылар екен деп жүретінбіз. Оны өзге емес, ел тізгінін ұстаған адам жазу керектей көрінетін. Міне, сол ойдағы жайт орындалды.

Елдің астанасын әспеттеп, мәртебе беру ықылым заманнан келе жатқан алтын арқаулы дәстүр. Оған төрткүл дүниедегі мемлекеттердің даму кезеңдерін еске түсірсең, бәрі көз алдыға келеді. Біздің де арғы аталарымыз сондай кезеңдерден өткен. Олар да өздерінің

елордаларын белгілеген. Оған Күлтегін ескерткішіндегі жазулар анық дәлел. Онда байырғы түркілердің құт мекені Өтүкен туралы айтылады. Сол ескерткіште мынандай сөздер бар: “Түрік қағаны Өтүкен қойнауында отырса, елде мұң жоқ”. Және бір жерінде: “Өтүкен қойнауында отырсаң, мәңгі елдігінді сақтайсың сен. Сонда түркі халқы тоқ”, делінген.

Сол VIII ғасырда Күлтегін бабамыз өмірден өткенде Таң империясынан келген адамдарды бабаларымыз Өтүкеннің етегіндегі Ордабалық шаһарында қарсы алған. Қаланың атауына назар аударайықшы. Ол сол заманның өзінде Ордабасы, Орда қала деп тұрған жоқ па?!

Біздің ұлы далада бұдан кейін де талай астаналар салынған. Оған мәселен ешқашан сәулесі сөнбеген, ылғи даму үстінде болған ғұндардың ежелгі мекені Таразды айтуға болады. Одан кейін Алатаудың баурайындағы Алматы маңайында төрт астана бой көтерген. Оның бірі — Шығу шаһары еді. Тараз бен Ташкенттің ортасындағы Құлан, Алтын Орданың астанасы — Сарайшық, Сыр бойындағы Сығанақ... Соңғысы тек қана қыпшақтардың астанасы емес, қазақтың бүгінгі ұлттық құрамына кіретін ру- тайпалардың бәріне ортақ қала болатын. Бұлардан кейінгі Баласағұн, Түркістан, Қозыбасының да өз орны, өз салмағы бар.

Совет дәуірі келгеннен кейінгі астанамыз Орынбор болып, одан соң орталық әртүрлі себептермен Қызылордаға көшті. Президент кітабында Қызылордадан астананы Алматыға көшіру жайы жақсы айтылған екен. Енді міне, жаңа елордаға табан тіреп отырмыз. Қазақ қазақ болғалы тұңғыш рет өзінің астанасын салып, мәртебесі биіктеді.

— Сіз Алматыдан астананы Ақмолаға көшіру жөніндегі Мемлекет басшысының идеясын бірден қолдадыңыз ба?

— Пайғамбар жасынан асқанда жалған сөйлеу жараса қоймас. Елбасының ойын алғашында қолдай қоймадым. Өйткені, қай мәселеде болсын, оған байланысты әркімнің өзіндік көзқарасы болады ғой. Ол мынандай себепке байланысты-тын.

Шыны керек, жоғарыдағы әңгіме көтерілген кезде елдің ыңыршағы айналып отыр еді. Ауыл абыржып, қарапайым жұрт қалжырап, зиялылар жаутандап, қариялар қиналып, жастар да жапақтап жүрген-тін. Жиған-тергенінен айырылған кейбіреулер, бұл тәуелсіздік кімге керек деп ащы үн көтергенін де естіп қалатынбыз. Осыларды ойлағанда ел тұралап қалады-ау, Елбасы намысқа басып бар жиған-тергенді Астананы салуға жұмсайды-ау, сонда халықтың тұрмысы төмендеп кетсе, ертең қайтіп күн көрер екен деген кездерім аз болмаған.

Сөйтсек, біз қателесіппіз. Шын мәнінде, астана мемлекеттің қақ

ортасында, екіншіден, қарқынды дамуы үшін тоғыз жолдың торабында орналасуы керек екен. Осыны Президент жалғыз шешпей, ел-жұртпен ақылдасып отырды. Егер ол ел талқысына салмай, жұртпен кеңеспей, мен осылай шешем десе кім қарсы келер еді. Қазақ қашаннан-ақ үлкенін сыйлап, басшысын қадірлеген халық қой. Ел соны бұл жолы да айқын көрсетті.

Ол кездегі батпаққа батып жатқан Ақмоланың да жағдайы оңып тұрған жоқ еді. Солай болса да Елбасы тәуекел деп елорданы осында көшірді. Менің өз басым, өзім туған мемлекетімнің салған астанасын бірінші рет көріп отырмын. Осы кітаптың тұсаукесерінде бір азамат жақсы айтты. Оның сөзімен айтқанда Астана салудағы шындық қиял-ғажайып ертегілеріндегі ой-арманнан да өте тез болып шықты.

Бұл Президентті мақтап, марапаттау үшін айтылған сөз емес. Шындығы осы. Бір замандарда мұны ертегі етіп айтса, сол кездегі ұрпақ оны иә, кәдімгі ертегі деп те түсінуі мүмкін.

Осы жерде есіме тағы бір оқиға түсіп отыр. Мен ол кезде Үкімет басшысының орынбасары едім. Біздің елдігімізді алғаш таныған Түрік мемлекетінің президенті Тұрғыт Өзал Қазақстанға ресми сапармен келіп, Нұрсұлтан Әбішұлымен пікірлесіп отырғанда өзінің ағалық ақылдарын айтты. Ол кісі: сенің еліңнің көсегесін көгертетін шетелдік қаржылық топтар, деді. Сен оларға ең алдымен әсем қонақ үйлер сал. Алаңсыз келіп жатсын. Телефон байланысын күшейт. Олар жан-жақпен еркін хабарлассын. Еш нәрседен қиналмасын, деді. Алматыны былай қойып, Астананың өзінен көп елде жоқ сән-салтанаты түгел қонақ үйлерді салып қойды. Айтулы білім ордаларын ашты.

Менің кейбір ағайындарым Елбасын көп мақтайды, деп кінәлайды. Мақтайтын, мақтанатын азаматың болса неге мақтап, мақтанбасқа. Оған өз сөзіммен емес, сырт көздің айтқандарынан бірер мысал келтіре кетейін. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті жанынан М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалы ашылғанда, сол атақты оқу орнының проректоры, экономика ғылымдарының докторы Александр Сидорович келді. Бұл кісі бір кездері осы Ақмолаға жолдамамен келіп, қызмет істеген екен.

— Қазақ бауырларым, — деді ол. Мен басқаны айтпай-ақ қояйын, экономиканың дамуы бойынша сіздер Ресейден көш ілгері кеттіңіздер. Мен оны да таратып жатпайын, сіздер Азияда болған қым-қиғаш қаржы дағдарысына ұрындырмай, ол дауылдан алып өткен Нұрсұлтан Назарбаевқа алтыннан ескерткіш қойсаңыздар болады, деді.

Шынында Президенттің еліміздің тәуелсіздігін орнықтыруда,

жалпы елдігімізді танытуда, ұлт пен этнос өкілдерін кемсітпей, шатаққа ұрындырмай бүгінгі күнге ақылдылықпен алып келген кемеңгерлігін қалай көтеріп айтсақ та жарасады. Ол кісінің орнында басқа біреу болса, бұдан да жақсы күн кешер едік дейтіндер де бар. Әй, қайдам. Төрткүл дүние сендей соғысқан алмағайып мына заманда бізді имандылыққа ұйытып, елді басқаруды озық дәстүрімен бастап келе жатқан Нүрекеңнің еңбегі өлшеусіз. Мен мұны бұрын да айтқанмын. Қазір де айтамын.

Жасыратыны жоқ, мен Елбасының алдына күндіз-түні сұранып, не адам салып барған кісі емеспін. Кезі келгенде кездесіп, пікірлесіп жүреміз. Мені бір нәрсе тандандырады. Кейбір азаматтар Елбасына бітіргенін айтып, тындырғанын жеткізіп, сізден асқан адам жоқ деп жүріп, бір күндері мұның қалай десе, сырт айналып шыға келетіні бар.

Бұл жағынан келгенде мемлекетіміздің ұйытқысы болып отырған қазақ халқының ұлы мен қызы ұйымшыл болса екен деймін. Ата-бабаларымыздың айбынды салтын есте сақтап, үлкеннің алдында кішінің кісілігін жоғалтпайтын үлгісін ұмытпаса деп тілеймін. Біз терімізді тарылтпай, пейілімізді кең ұстауымыз қажет.

Нүрекеңнің басына қонған бақ оңай емес. Ондай бақ елдің бәрінің басына қона берсе, неге шетімізден президент болып кете бермейміз. Осы жерде Шерағаң — Шерхан Мұртазаның: “Елбасы біреу — қалғанымыз тіреу болайық!” деген сөзі ойға оралады. Қазақ жырының дүлдүлі Жұбан ақын: “Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген, Жөргегімде таныстым, мұң тіліммен”, — деп толғанатынын есте ұстап, ендігі жерде мен қазақпын дегенде еңсеміз тік көрініп, мұңды шат күлкіге ұластырсақ қане!

Мен кітапты парақтап отырғанда небір тың деректерді кездестірдім. Осынша тарихты бұл кісі қалай біледі екен дейтін адамдар табылып жатса, менің оларға берер жауабым дайын. Жоғарыда да айттым, Елбасымен біраз жыл қызметтес болғанымды. Сол кезде ол кісінің ел мен жердің, ұлт пен ұлыстың тарихын жетік білетініне көз жеткізгенмін. Пікір алысып отырған кезде өзінің оқығаны мен тоқығаны мол екенін көрсетіп отыратын. Енді, міне, соны мына кітап арқылы дәйектеп беріпті. Мен Елбасына Ақорда ашылғанда айтқаным бар еді. Нүреке, Құдайға тәубе, тағыңыз астыңызда, халқыңыз орнында, жарқырап жүріңіз деген болатынмын. Сол сөзім әлі де сөз.

Несін жасырайық, Президент те пайғамбар жасынан асып барады. Бір жолыққанда халықтың қамы деп жарты өміріңіз аспанда өтіп келеді, өзіңізді сақтаңызшы деп едім. Ол кісі өзін-өзі сақтау үшін біз ала сөзден іргемізді алшақ ұстап, береке-бірлікке ұюымыз

керек. Төңірегіміз түгел болмай, түлен түрткендей бүлініп жатқанын құлақ естіп, көз де көріп отыр. Бірлігі кеткен елдің тірлігі де оңбайды. Көрінгенге жем болып, көз түрткі күн кешеді. Төңірім сүттей ұйыған, достығы жарасып, күннен-күнге тұрмысы түзеліп келе жатқан қазақ топырағындағы жұртты аман қылса екен деген тілеу мен тілек әрқайсымыздың жүрек түкпірімізде жатуы тиіс.

— Жаңа Астана жаңа қарым-қатынасқа, мәдениетке, сананың оңға қарай өзгеруіне, әсіресе, жастардың оянуына үлкен септігін тигізіп отырғаны сөзсіз. Біздің бұл пікірімізге сіз тағы қандай ойлар қоса алар едіңіз.

— Иә, көрер көз, сезер жүрек, сергек сезім болса жаңа Астана бұрынғы Ақмола емес, бүгінгі кескіні бөлек. Бұл қала бүкіл мемлекетіміздің, ел мен жеріміздің келбетін өзгертті. Қазір қандай қалаға барсаң да Астанаға ұқсағысы келеді. Астанадағы алып құрылыстар өзге қалаларға да қуат берген секілді. Онда да небір әсем ғимараттар салынып жатыр. Бұл Астана мен аймақтың үндесуі, бірін-бірі толықтыруы деп білгеніміз жөн. Тіпті енді-енді ауған жүгін түзеп, аумалы-төкпелі кезеңнен өтіп келе жатқан еліміздің өркендеуінде Астана қаласы экономиканың бар тетігін мойнына алып, алға сүйреп келе жатқандай болып көрінеді маған. Ең бастысы, халықтың санасы өзгереді. Сөзім жалаң шықпасын, Астанада біреудің мәшинесін біреу қуып кетіпті, бұзақы тонап кетіпті, мынандай топ бар екен дегенді көп ести қоймаймын.

Астананың орнығуымен жаңа мәдениет келген сияқты. Қоғамдық жаңа қатынастардың қалыптасып жатқаны да шындық. Қаланың көңілімнен шыққан сәнді сарайларын көргенде, ішімнен Құдай тіл-көзден сақтаса екен деймін. Біздің ата-бабаларымыз талай-талай сәнді сарайлар салған. Бірақ оның береке-бірлігі іркіттей ірігенде ниеті бұзықтар қиратып, жұртты есінен тандырған. Одан кейінгі кездегі қазақтың тірлігі көшіп-қонумен болған. Одан соңғы замандарда өзгенің айтуымен, нұсқап көрсетуімен қалалар салдық. Өзіміз өз боп, Астана салғанымыз осы. Түркия мемлекеті біз құсап шаңырақ көтергенде азаматтарын шетелден үйреніндер деп жіберіпті. Қазір сол азаматтары Еуропадағы сәнді сарайларды салып, талайды тамсандырып келеді. Менің бір шүкіршілік жасайтыным, алғашқы кездері құрылысшылар өзге ұлт өкілдерінен еді. Қазір өрімдей қаракөз жастар алты өрме қамшыдай қып, кірпіштерді қалап жатқанда іштей сүйсініп тұрамын.

Тағы бір айтатыным, Астана салынғалы бері халықтың санасы өзгерді. Біз де ел екенбіз, елорда сала алады екенбіз дейтін болды. Алматыда қазақылық басым тәрізді еді. Астанада еуропалық үлгі көрініс беруде.

Ақмолаға елорда көшіп келгенде жергілікті халық көздеріне жас

алып тұрып қарсы алған. Ол кезде тұрғындардың да саны аз еді, қазір көбейді. Әсіресе, қазақ халқының саны артып келеді. Жұрт имандылыққа ден қойды. Сол имандылыққа ден қойған жұрт қысылмай кең отырсын деп Елбасы үлкен мешіт салып берді.

Мен 2000 жылы Еуразия ұлттық университетіне ректор болып келген соң, ауызашар бергенім бар еді. Сонда ойдан-қырдан жинағаным 39 адам ғана болатын. Мешітке баратындар да үлкендер жағы еді. Бір жылдан кейін тағы да қауымды ауызашарға шақырғанымда жайған дастарқанымызды он орайтын халық жиналды.

Мен көп өмірімді жастармен өткізіп келемін. Бір байқап жүргенім, бұрынғы жастар алдымда ата, одан кейін аға тұр деп сылбыр қимылдайтын. Астананың жастары олай емес. Бұл біздің қаламыз, біздің мекеніміз, біздің болашағымыз үшін салынып жатыр дегенге ден қойған. Саналарына сәуле түсіп, жауапкершілікті өз мойындарына алған. Қай мекемеге барсаң да алдыңнан өрімдей ұл мен қыз шығады. Мен оларды көргенде мерейім тасып, Елбасы саясатының дұрыс екеніне имандай иланамын.

Елбасы бір жүздесуде жаңа астананың бірінші кезектегі құрылысы 2007 жылы аяқталады дегені бар еді. Ләйім солай болғай. Өзі іргесін қалаған алып құрылыстарды өзі жалғастырып, өзі аяқтап, өзі батасын берсе, тәуелсіздік тұғырының нық екеніне, төрде тұрған алып “Бәйтеректің” мәуелі екеніне жұрттың көзі жетер еді.

— **Әңгімеңізге рахмет.**

**Әңгімелескен**  
**Сүлеймен МӘМЕТ,**  
**“Егемен Қазақстан”.**

*17 маусым 2005 жыл.*